



AlcoStop 5000

JUSTEC

Сіз үшін арнайы дайындалған технология



Этанол буын талдағыш AlcoStop 5000 моделі

**ДЕМ ШЫҒАРҒАН АУАДАҒЫ АЛКОГОЛЬ ШОҒЫРЛАНУЫН
ӨЛШЕУШІ ҚҰРАЛ**

ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЫ V3.4

МАЗМҰНЫ

1 КІРІСПЕ	3
2. ҚЫЗМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	3
3 ӨНІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ	3
4 ЕСКЕРТУЛЕР	3
5 БЕЛГІЛЕУЛЕР	4
5.1 Заттаңбадағы белгілер	4
5.2 Алдыңғы жақтан көрініс	4
6. БЕЛСЕНДІ РЕЖИМДЕГІ ПАЙДАЛАНУ	5
6.1 Қосылу	5
6.2 Белсенді режимде амалдарды орындау	6
6.2.1 Өлшеулер	6
6.2.2 Хабарламаны шығару	6
6.2.3 Басып шығару	8
6.2.4 Нәтижелерді сақтау	8
6.2.5 Келесі тестілеу	8
6.3 Өшіру	8
6.4 Қателік туралы хабарлама	9
6.4.1 Үрлеу қателігі	9
6.4.2 Аккумулятордың төмен қуаты	9
7 Мәліметтерді сақтау жадысы	9
8 Басты мәзір	10
8.1 Белсенді режим	11
8.2 Сканерлеу режимі	12
8.3 Нәтижелер	14
8.4 Реттеулер	14
8.4.1 Күні және уақыты	15
8.4.2 Өлшеу бірліктері	15
8.4.3 Сканерлеу режимін реттеу	16
8.4.3.1 Белгі беру шектері	16
8.4.3.2 Сканерлеу уақыты	17
8.4.3.3 Нәтижелер режимі	17
8.4.3.4 Жұмыс уақыты	17
8.4.4 Калибрлеу туралы ескертпе	18
8.4.5 Сенсорлық панельдегі калибрлеу	19
8.4.6 Қызмет көрсету	20
9. ТАЗАЛАУ	20
9.1 Жалпы күтім	20
9.2 USB порт	20
9.3 Сенсорлық экранды тазалау	20
9.4 Аккумуляторды қуаттау	20
9.4.1 Аккумулятор өуатының индикаторы	20
9.4.2 Аккумуляторды қуаттау бойынша нұқсаулық	21
10 КАЛИБРЛЕУ	22
11 АҚАУЛАРДЫ ЖӨНДЕУ	22
12 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	26
13 ТАСЫМАЛДАУ ЖИЫНТЫҒЫ	27

1 КІРІСПЕ

Осы нұсқаулықтар мұқият әзірленген. Осы нұсқаулықта кездесетін белгілі бір қателіктер немесе нақты емес жайттар туралы, оны ары қарай жетілдіру үшін бізге хабарлауларыңыз сұралады.

Осы нұсқаулыққа авторлық құқық Shenzhen Intermed Co Ltd компаниясына тиесілі.

2. ҚЫЗМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Құралды пайдаланбастан бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз!

Құралдың жұмыс істеуі оны пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге байланысты.

Құралды калибрлеу және техникалық қызмет көрсету кәсіби білікті қызметкерлермен жергілікті органдарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету тек уәкілетті қызмет көрсету қызметкерлерімен ғана жүргізілуі тиіс.

Жөндеу жұмыстары үшін тек түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді ғана қолдану қажет, ол Shenzhen Intermed Co., Ltd шығарылады.

Құралда қолданылатын сенсор химиялық материалдардан тұрады, соған байланысты оны жою жергілікті талаптарға байланысты жүзеге асырылады.

3. ӨНІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

AlcoStop 5000 этанол буы анализаторларының жаңа буыны болып табылады. Бұл құралда жаңа технологиялар пайдаланылған.

AlcoStop 2010 электрохимиялық торкөз негізіндегі сенсорды пайдаланады, ол басқа заттармен реакцияға түспейді.

Желдету кезінде құрал келген ауа көлемін бақылайды және анықтайды, ол өз кезегінде сенсорға өкпенің терең бөлігенен ауа жібереді, соның арқасында қандағы алкоголь құрамы дұрыс анықталады.

Жылдам сканерлеу патенттелген технологиясы жүргізушілер қатарын скринингтен өткізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

AlcoStop 5000 пайдалануда қарапайым - басқару барлығы 9 бастырма арқылы жүзеге асырылады.

AlcoStop 5000 сенсорлық экранмен жабдықталған, ол әр түрлі хабарлама түрлерін шығаруға мүмкіндік береді.

AlcoStop 5000 термопринтермен жабдықталған, ол өз кезегінде жеңіл басып шығаруға мүмкіндік береді. Құрал 30 000 мәліметті сақтауға арналған жады және USB-портпен жабдықталған. Мәліметтер принтердің көмегімен басылып шығарылады. Сонымен қатар ДК мәліметтерді басқару мүмкіндігі бар. ДК үшін бағдарламалық қамтамасыз етулер тұтынушы үшін құралға техникалық қызмет етуге және оны калибрлеуге, реттеуге мүмкіндік береді.

4. ЕСКЕРТУЛЕР

AlcoStop 5000 адамға жұтқан ауа көлеміндегі алкогольдің көлемін нақты және дәл анықтауға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде алкогольге кәсіби тексеруге мүмкіндік жасайды.

Үздіксіз сканерлеу режимі жылдам скринингтеу үшін қолданылса, ал белсенді режим бір реттік тексерулер үшін пайдаланылады.

5. БЕЛГІЛЕУЛЕР

5.1 Заттаңбадағы белгілер

Белгілер	Маңызы
	Назар аударыңыз!
	Шығарылған күні
	Өндіруші
PN	Партия номері
SN	Сериялық номері
	Зиянды заттар құрамын шектеу ережесі

5.2 Алдыңғы жақтан көрініс



Сурет Алдыңғы жақтан көрініс

№	Атауы және қызметі	№	Атауы және қызметі	№	Атауы және қызметі
1	Мундштук порты	7	Қос/өшір бастырмасы	13	"Төмен" бастырмасы
2	LED (H/A)	8	"Оңға" бастырмасы	14	Жарықдиодтық бастырма
3	USB порт	9	"Жылдам" тестілеу бастырмасы	15	"Солға" бастырмасы
4	Қуаттауға арналған бөлшек	10	Пинтер қақпағы	16	Мәзір бастырмасы
5	"Жоғары" бастырмасы	11	Бауға арналған бекіткіш	17	Мәзір бастырмасы
6	ОК бастырмасы	12	Қағаз шығатын порт		

6 БЕЛСЕНДІ РЕЖИМДЕГІ ЖҰМЫС

Белсенді режимде құрал алкаголь құрамын жоғары дәлдікпен анықтайды. Аталған режимде ауа үлгісін өкпенің терең бөліген алу арқылы қамтамасыз етіледі.


6.1 Қосылу

Қуаттау бастырмасын басыңыз және 1 секунд бойы басып тұрыңыз, құрал іске қосылады. Құрал қосылғаннан кейін өзін-өзі тексереді. Осы тексеру кезінде құрал логотипі, бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасы, сонымен бірге келесі калибрлеу күні мен уақыты экранда көрінеді.




(Суреттегі жазулар: JUSTES,AlcoStop 5000, 2.00 нұсқасы, өзін-өзі тестілеу, калибрлеу уақыты: 12-24-2012)

Өзін-өзі тексеру аяқталған соң құрал өлшеулер жүргізуге дайын.




(Суреттегі жазу: сканерлеу режимі)

Өзін-өзі тестілеу кезінде туындаған қателер өзін-өзі тестілеудің қателер экранында көрінетін болады.



(Суреттегі жазу: өзін-өзі тестілеу: қате)

Белсенді өзгертулер жүргізу үшін мәзірден "Active Mode" (белсенді режим) режимін таңдаңыз.



(Суреттегі жазу: 2 белсенді режим. ДАЙЫН)

6.2 Белсенді режимде амалдарды орындау

6.2.1 Өлшеулер

Мундштукты орнату

Мундштукқа үрлемес бұрын сәйкесінше мундштук портына орнатылуы керек. Мундштук бір реттік қолданылатын зат болып табылады.


Үрлеу

Субъект жеткілікті мөлшердегі ауаны құралға үрлеуі керек. Орташа жылдамдықта үрлеу бірқалыпты болуы керек.

Егер үрлеу процесі дұрыс жүргізілсе, үрлеу кезінде дыбыстық белгі беріледі. Субъект дыбыстық белгі тоқтағанға дейін үрлеуін жалғастыруы керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Үрлеуге арналған саңылау үрлеу кезінде ашық тұрғанына назар аударыңыз. Үрлеу кезінде экранда келесідей ақпарат бейнеленеді:



(Суреттегі жазу: 2 белсенді режим, тестілеу; 2 белсенді режим, талдау)

Талдау уақыты алкаголь концентрациясына байланысты, концентрация көп болған сайын уақыт көбірек қажет етіледі.

6.2.2 Хабарламаларды шығару

Осы құралда автокөлік номері, полицей номері және лицензия номерін енгізу мүмкіндігі бар. Ол үшін сенсорлық панельді және бастырманы пайдаланыңыз.

1) Төмендегі суретте енгізу аймағы көрсетілген, солға/оңға бастырмасын басыңыз немесе қажетті белгілерді енгізу үшін сенсорлық пероны қолданыңыз.

Car No. :

A B - * * * * *

0	1	2	3	4	5
6	7	8	9	A	B
C	D	E	F	G	H
I	J	K	L	M	N
O	P	Q	R	S	T
U	V	W	X	Y	Z
*	.	-			

PN

(суреттегі жазу: автокөлік жазуы, полицей номері)

Осы белгі беті 10 саннан, 26 әріптен және 3 арнайы белгіден тұрады.

2) Егер қате енгізілсе, қате жіберілген сөзді басыңыз және оны дұрыс сөзге ауыстырыңыз.

3) Содан кейін, экранның соңында "PN" таңдап және полицей номерін енгізіңіз.

Полицей номері (PN):

Соңғы енгізілген полицей номері сақталады және автоматты түрде сақталады.

Police No.:

0 0 0 0 0 0

1	2	3
4	5	6
7	8	9
	0	

LN OK

(суреттегі жазу: полицей номері, лицензия номері, ОК)

Лицензия номері (LN):

License No. :

0 0 0 0 0 0

0 0 0 0 0 0

0 0 0 0 0 0

1	2	3
4	5	6
7	8	9
	0	


Done

(суреттегі жазу: лицензия номері, дайын)

Тестілеу нәтижелерін шығару үшін "Done" ("дайын) бастырмасын басыңыз.

6.2.3 Басып шығару

Бір өлшеу аяқталғаннан кейін қандағы алкаголь құрамы, күні, уақыты және номері экранда бейнеленеді. Қажеттігіне байланысты бір немесе одан да көп көшірмесін даярлау үшін "print" (баспа) бастырмасын басыңыз.



(суреттегі жазба: 2 белсенді режим, баспа)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Басты мәзірдегі "Results" бөліміне ауысыңыз. Бұл кез-келген сақталған жазбаны шығаруға мүмкіндік береді.

6.2.4 Нәтижелерді сақтау

Нәтижелер құралдың мәліметтерді сақтауға арналған жадысында сақталады. Мәліметтер құрал өшірілгеннен кейін өшпейді.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!




Бастырмасын басқаннан кейін немесе қуат көзінен өшірілгеннен кейін нәтижелер автоматты түрде сақталады.

6.2.5 Келесі тестілеу

Егер сіз келесі тестілеуді жүргізгілерің келсе,  бастырмасын басыңыз.


Алдыңғы тестілеу кезінде алкагольдың жоғары концентрациясы болса, келесі тестілеу жүргізу үшін бірнеше секунд күте тұру қажет. Күту уақыты алдыңғы тестілеудегі алкагольдың концентрациясына байланысты. Келесідей экран бейнеленеді:



(суреттегі жазба: 2 белсенді топ, өтінемін күтіңіз)

6.3 Өшіру

"On/Off" (қосу/өшір) бастырмасын басыңыз және 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, AlcoStop 5000 өшеді, содан кейін экранда келесі пайда болады:




(суреттегі жазу: 3 өшіру, 2 өшіру, 1 өшіру)

AlcoStop 2,5 минут аралағында қолданбаса автоматты түрде өшіп қалады.

6.4 Қателік туралы хабарлама

6.4.1 Үрлеу қателігі


Егер үрлеу кезінде қажетті көлесге жетпесе, AlcoStop 5000 тестілеуді тоқтады және экранда келесілер бейнеленеді:



(суреттегі жазу: 2 белсенді режим, үрлеу қателігі)

6.4.2 Аккумулятордың төмен қуаты

Аккумулятордың төмен қуат кезінде келесідей ескертуші хабарлама шығады: "Low Battery" (аккумулятордың төмен қуаты) деген жазу көрінеді. Құрал 10 секундтан кейін өшеді.



(суреттегі жазу: аккумулятордың төмен қуаты)

7 МӘЛІМЕТТЕРДІ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫ

Құрал 30 000 өлшеу нәтижелерін, сонымен бірге көрсеткіштерін, күні, уақыты және жазба номерін сақтап тұра алады.


Флеш-жадыдағы мәліметтер қуаттан өшірілсе де сақтаулы тұрады.

Флеш-жады толған жағдайда мәліметтер қайта жазылады, бірақ одан бұрын ескертпе шығады. Алғашқы жазба жады толған жағдайда жаңа жазбамен айырбасталады. Флеш-жады 90 % толған жағдайда (нақытырақ 27,000 өлшеу) дисплейде келесідей хабарлама көрінеді:



(суреттегі жазу: мәліметтер сақтауға арналған жады 90 % толған)

Тұтынушы құралды ары қарай пайдаланбастан бұрын хабарламаны оқығанын растауы керек. 30 000 тест жүргізілгеннен және сақталғаннан кейін, келесі ақпарат бейнеленеді.




(Суреттегі жазу: жады толы)


Тұтынушы осы хабарланманы оқығанын растағаннан кейін "ок" бастырмасын басады. Тек содан кейін ескі жазбалардың орынын жаңа жазба ауыстырады.

8 БАС МӘЗІР

Құрал қосылғаннан кейін ол автоматты түрде сканерлеу режиміне кіреді.



(Суреттегі жазу: 1 сканерлеу режимі, мг/100 мл, старт)

 бастырмасын басыңыз, одан кейін экранда келесі бейнеленеді:



(Суреттегі жазу: бас мәзір, 1 сканерлеу режимі, 2 белсенді режим, 3 нәтижелер, 4 реттеулер)

Қажеттісін таңдау үшін "up/down" ("жоғары/төмен") бастырмасын басыңыз.


8.1 Белсенді режим

Белсенді режимде пайдаланушы дыбыстық белгі тоқтағанға дейін 1,0 литр үрлеуі керек. Содан кейін келесідей экран пайда болады:




(суреттегі жазу: 2 белсенді режим, ДАЙЫН)

Нәтижелер келесідей түрде бейнеленеді:




(суреттегі жазу; 2 белсенді режим, 0 мг/100 мл, Номері: 00417, Күні 24.04.2012, уақыты 17:54, ұзақтығы 11355,0124, ені 231,0664, авто номері: xxxxxxxx, полицей номері xxxxxxxx, лицензия номері xxxxxxxx, енгізу, баспа)

Егер нәтижелер өлшеу шектерінен (0-550 мг/100 мл) асып кетсе, келесідей ақпарат бейнеленеді:



(суреттегі жазу: 2 белсенді режим, >55 мг/100 мл, Номері 00417, Күні 24.04.2012, уақыты 17:54, бойлық 11355. 0124, ендік 231,0664, авто номері xxxxxx, полицей номері xxxxxx, лицензия номері xxxxxx, енгізу, баспа)

Үрлеу қателігі болса, келесі хабарлама көрінеді:




(суреттегі жазу: 2 белсенді режим, үрлеу қателігі)

8.2 Сканерлеу режимі

Сканерлеу режимінің мақсаты қоршаған ортадағы ауадағы алкагольді анықтау. Бұл әдіс нақты өлшеулерді білдірмейді. Өдшенген мәндер тек алкагольдің барлығын растайды. Нақты мәндер тек белсенді режимде ғана алынады.


Сканерлеу режимін таңдаған кезде, құрал үнемі ауа сорып тұрады және ауадағы алкаголь концентрациясын сан және сызба түрінде көрсетеді. Тұтынушы кейбір көрсеткіштерді бере алады, "main menu/setting/scan mode setting" (басты мәзір/реттеулер/ сканерлеу режимін реттеу).

Тестілеу кезінде құралдың енуші саңылауы мүмкіндігінше ауызға/мұрынға жақын орналасуы керек. Ең жақсы арақашықтық 5 см. Өлшеулерді бастау үшін жүргізушіні Start (старт) бастырмасын басқаннан кейін үрлеуін сұраңыз. Экранда келесі ақпарат бейнеленеді:



(суреттегі жазба: 1 сканерлеу режимі, мг/100 мл, старт)

Тестілеу кезінде нәтижелер сан және сызба түрінде көрсетіледі. Өлшеудің стандартты уақыты 8 сек, бірақ реттеулерді жүргізуге уәкілетті тұлға өлшеу ұзақтығын 5-тен 15 сек дейінгі аралықтағы шекке қоя алады. Тесті тоқтату үшін "stop" (стоп) бастырмасын басыңыз.



(суреттегі жазу: 1 сканерлеу режимі, мг/100 мл, тоқта)



ЕСКЕРТУ!

Енгізуші саңылау үрлеу кезінде ашық тұрғанына назар аударыңыз. Әйтпесе, өлшеу нәтижелерінде ауытқулар болуы мүмкін.


Құралдың сезімталдығы және нақтылығы құрал мен ауыздың арақашықтығына байланысты, себебі үрленетін газ қоршаған ортаның ауасымен араласады. Қалыпты арақашықтық 10 см артық болмауы керек. Сканерлеу режимі санкция қолдануға негіз бола алмайды, нақты мәліметтер алу үшін тестілеуді белсендірежимде өткізіңіз.



ЕСКЕРТУ!


Сканерлеу режимінде мундштук қажет емес.

Егер алынған мәндер жасыл деңгейден төмен болса, экранда ең үлкен өлшенген мән тестілеу процесі кезіндегі құрастырылған сызба бейнеленеді. Эcran келесідей түрде көрінеді:




(суреттегі жазу: 1 сканерлеу режим, мг/100 мл, 0, старт)

Егер мән қызыл шектен төмен болса, бірақ жасылдан жоғары болса, экран келесідей болады:



(суреттегі жазулар: 1 сканерлеу режимі, мг/100 мл, 12, артқа, старт)


Егер өлшенген мән қызыл деңгейден артық болса, қызыл сызба шығады.



(суреттегі жазу: 1 сканерлеу режимі, мг/100 мл, 90, старт)

8.3 Нәтижелер

Егер мәліметтер жадыда сақталса, соның ішінде мәндер, күні және уақыты, сонымен бірге жазбалар сақталады. Пайдаланушы кез-келген өлшеуді төменде көрсетілгендей таба алады.



(Суреттегі жазулар: белсенді режим, 0 мг/100 мл, Номер 00417, күні 24.04.2012, уақыты 17: 54, бойлығы; ендігі; авто номері xxxxxx; полицей номері xxxxxx; лицензия номері xxxxxx)

Соңғы өлшенген мән экранда бейнеленеді.

Жоғары және төмен бастырмаларының көмегімен, тұтынушы кез-келген жазбаны таңдай алады.

8.4 Реттеулер


Мәзірдегі "Setting" (реттеулер) бастырмасымен құралдың кейбір қызметтерін орнатуға немесе өзгертуге болады.

Реттеулер таңдалып алынғаннан кейін келесі экран шығады:



(суреттегі жазу: 1 күні/уақыты, 2 өлшеу бірліктері, 3 сканерлеу режимін реттеу, 4 GPS реттеулер, 5 калибрлеуді еске салу, 6 сенсорлық панельді реттеу, 7 сервистер)


Күні және уақыты "up/down (жоғары/төмен) бастырмасы арқылы өзгертіле алады, опцилік бірліктерді өзгерту үшін "ok" бастырмасын басыңыз.



BAC қандағы алкаголь құрамын білдіреді.

BrAC үрленетін газдағы алкаголь құрамын білдіреді.

8.4.1 Күні және уақыты




(суреттегі жазу: жыл:12, ай:01, күн 24, уақыты:17, минуты: 37).

Жоғары және төмен бастырмалары арқылы күн мен уақытты өзгертуге болады.

8.4.2 Өлшеу бірліктері


Мұқият өлшеу бірліктерін таңдаңыз. Өлшеу бірліктерін қателесіп таңдағанда, сіз қате шешім қабылдауыңыз мүмкін.



(суреттегі жазу: % 0Bac, мг/100 мл BAc; BAC =қан құрамындағы алкаголь, BrAC=жұтатын ауадағы алкаголь мөлшері)

8.4.3 Сканерлеу режимін реттеу

Осы меню сканерлеу режимін реттеуге арналған, ол белсенді режимге еш қатысы жоқ.



(суреттегі жазу: 1 шектері, 2 сканерлеу уақыты, 3 нәтижелер режимі, 4 баспа, 4 жұмыс уақыты)

8.4.3.1 Белгі беру шектері



(суреттегі жазу: 4.3.1 шектер, қызыл шек 20 мг/100 мл, жасыл шек 5 мг/ 100 мл)

Егер тест нәтижесі қызыл шектен асса, ол қызыл түспен белгіленеді.

Егер нәтиже белгі берудің жасыл шегінен төмен болса, ол жасыл түспен белгіленеді.

Егер тест нәтижесі жасыл мен қызыл арасында болатын болса, ол сары түспен белгіленеді.

8.4.3.2 Сканерлеу уақыты




(суреттегі жазу: 4.3.2 сканерлеу уақыты 8 секунд)

Сканерлеу уақыты әрбір сканерлеу режиміндегі ауа сорғысының жұмыс уақытымен тең. Мысалы, стандартты орнатылған уақыт 8 секунд, бұл құрал 8 секунд бойы бір тестілеу мерзімінде жұмыс істейді. Уақыт 1-ден 15 секунд шегі аралығында нақты жағдайларға байланысты орнатылуы мүмкін.


8.4.3.3 Нәтижелер уақыты

Тестілеу нәтижелері сапалық және сандық мағынада бейнеленуі мүмкін. Бірақ соған қарамастан жылдам нәтижелер "алкагольдің барлығы" немесе "алкаголь жоқ" деген түрде беріле алады.




(суреттегі жазу: 4.3.3 нәтижелер режимі, сандық және сапалық)

"Алкаголь бар" немесе "Алкаголь жоқ" деген нәтижелер келесідейтүрде бейнеленеді:



8.4.3.4 Жұмыс уақыты



(суреттегі жазу: 4.3.5 жұмыс уақыты, 14 есептеуіш, уақты 0 сағ 2 мин, кері, алып тастау)

Пайдаланушы сканерлеу режимінде жалпы уақытты таңдай алады. Құрал әрбір жазбаны орнатылған уақытқа сәйкес жүзеге асырады. Пайдаланушы уақытты алып тастауы да мүмкін. Бірақ бұл жағдайларда жағымсыз жағдайларға ұшырамас үшін қауіпсіздік сақтау керек.



(суреттегі жазу: Алып тасау? Иә/жоқ)


8.4.4 Калибрлеу туралы ескертпе (Cali. Remind)

Құрал әрбір 6 ай сайын калибрленуі керек. немесе еге уәкілетті органдар талап етсе одан да жиі мерзімде калибрлейді. Калибрлеу құралдың дәл өлшеуі үшін қажет. Өзіндік тестілеу кезінде құрал төменде көрсетілген суреттегідей келесі калибрлеу туралы хабарлайды:



(суреттегі жазу: калибрлеу мерзімі XX күннен кейін аяқталады)

Егер көрсетілген уақытта құралды калибрлемесе қате туралы келесі хабарлама шығады:



(суреттегі жазу: калибрлеу мерзімі аяқталды)

Құрал келесі калибрлеу уақытын ескертіп отырады. Бұл қызметті өшіріп тастауға болады.




(суреттегі жазу:)

8.4.5 Сенсорлық панельді калибрлеу

Ұзақ уақыт қолданылған кезде сенсорлық экранда ауытқулар пайда болады, бұл қате басылуға немесе құрал тарапынан әрекетсіздікке әкеліп соқтырады. Сенсорлық экранды калибрлеу процесі төменде сипатталған:

Курсормен белгіленген бес нүктені басыңыз. Егер әрбір нүкте нақты басылса, калибрлеу сәтті өтеді.




(Суреттегі жазу: 4.6 сенсорлық панельді калибрлеу, назар аударыңыз: дұрыс емес калибрлеу күрделі салдарларға әкеліп соқтырады! Пайдаланушыға басшылық: +белгіленген нүктені басыңыз)



ЕСКЕРТУ!

Нүктеге нақты баспаған жағдайда күрделі қателер туынауы мүмкін, экранда келесідей жазу шығады: "calibration failure" (калибрлеу қателігі), бұл жағдайда қайталап калибрлеу қажет.



(суреттегі жазу: 4.6 сенсорлық панельді калибрлеу, калибрлеу кателігі)

8.4.6 Қызмет көрсетулер

Бұл мәзір құпия сөзбен қорғалған, тек уәкілетті тұлғаға ғана бұл мәзір қол жетімді.



(суреттегі жазу: 4.7 қызмет көрсету, PIN енгізіңіз)

9. ТАЗАЛАУ

9.1 Жалпы тазалау

Құралды тазалау үшін тек жұмсақ тазаулаушы құрал ғана пайдаланылады.

Органикалық ерітінділер, мысалы, спирт, ацетон, скипидар және т.б. пайдалануға тиім салынады.

Құралдың ішіне су кіріп кетпеуін қадағалаңыз.

9.2 USB-порт

USB-порт су кіруі мен ластануын болдырмаңыз

9.3 Сенсорлық экранды тазалау


Сенсорлық экранды тазалауда бұдырлы, үшкір және қатты заттарды пайдаланбаңыз. Экранды дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

9.4 Аккумуляторды қуаттау

9.4.1 Аккумулятор қуатының индикаторы


Alcostop 5000 құралы 2000 мА/сағ Li-ion аккумуляторын пайдаланады, үздіксіз түрде 1000 тест мөлшерінде жүргізе алады.

Жоғарыдағы сол жақ бөлігінде аккумулятордың қуат көзі индикаторы орналасқан.



(суреттегі жазу: 1 сканерлеу режимі, мг/100 мл)

Аккумулятордың төмен қуатында, экран және қуат индикаторы келесідей бейнеленеді:



(суреттегі жазу: аккумулятордың төмен қуаты)


9.4.2 Аккумуляторды қуаттау туралы нұсқау

Қуаттау құрылғысын USB қосыңыз немесе қуаттау құралын тұтандырғышқа қосыңыз, экранда "charging" (қуатталуда) жазуы пайда болады.




(суреттегі жазу: қауатталуда)

Егер қандай да бір себептермен қуатталу тоқтатылса, келесілер бейнеленеді:



(суреттегі жазу: қуаттау тоқтатылды)

Қуаттау аяқталғаннан кейін келесі жазу шығады:



(суреттегі жазу: аккумулятор толық қуатталды)



ЕСКЕРТУ!


Осықұралды қуаттау үшін басқа қуаттауқұралын пайдалнбаңыз, әйтпесе құрал бұзылуы мүмкін. Егер қоршаған орта температурасы 0°C төмен болса немесе 45 °C артық болса құралды қуаттамаңыз. Осы талаптарды басшылыққа алмау құралдың бұзылуына немесе аккумулятордың жарылуына әкелуі мүмкін.



10. Калибрлеу





Әрбір алты ай сайын құралды калибрлеу жүргізілуі тиіс немесе еге уәкілетті органдар талап етсе одан да жиі мерзімде калибрлейді. Калибрлеу құралдың дәл өлшеуі үшін қажет. Калибрлеу кәсіи білікті маманмен жүргізіледі.

11. Ақауларды жолдары

Қате туралы хабарлама	Себебі	
Тұтынушы кінәсы бойынша		
A screenshot of a smartphone screen. At the top left, there is a battery icon with three bars and the text '10:03' at the top right. Below the battery icon, the text '2 Active mode' is displayed in blue. At the bottom of the screen, the text 'BLOW FAILURE' is displayed in red.	Үрлеу тоқтатылды	Әрекетті қайталаңыз, онда көлем 1,0 литрге жетуі керек.

<p>Екі өлшеу арасындағы үлкен айырмашылық</p>	<p>Тестілеу алкагольді пайдаланғаннан кейін бірден өткізілді, ауызда алкагольдің қалдықтары бар.</p>	<p>Тестілеуді 5 минуттан соң қайталап өткізіңіз, егер екі мән арасында 10 % айырмашылық болса, ауызда алкаголь қалдығы бар. 15 минут тосып, одан кейін қайталап тест өткізіңіз.</p>
	<p>Күні және уақыты белгіленбеген</p>	<p>Аталған қате кездескен жағдайда, уақыт пен күнін түзегеннен кейін қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.</p>
<p>Алкагольдің иісі сезіледі, бірақ 0 мән көрсетіп тұр.</p>	<p>Құрал бұзылған болуы мүмкін.</p>	<p>Тестілеу үшін басқа құрылғы пайдаланыңыз. Немесе қан талдауын жүргізіңіз. Құралды қызмет көрсету орталығына апарыңыз</p>

	<p>Қоршаған орта температурасы мүмкін болатын шектен ары</p>	<p>Тест нәтижелеріне әсер етуі мүмкін, тест өткізу үшін сәйкесінше температуралы бөлмеге барыңыз</p>
		

	Сорғы қателігі	Тағы бір өлшеуді жүргізіңіз, осы қате қайталап кездесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
	Қысым тетігінің қателігі	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
	Жады оқылмайды немесе қайта жазылмайды	Жаңа күн жазылмауы мүмкін, не ескі күн оқылмауы мүмкін. Тағы бір тестілеу жүргізіңіз, қайталап орындауда аталған қате кездесе, қызмет көрсету маманына хабарласыңыз.
	Калибрлеу мерзімі аяқталған	Калибрлеу жасаңыз

<p>The screenshot shows a printer status window with a green signal icon and the time 10:03. The text reads "Printer No Connection" in red.</p>	<p>Байланыс жоқ немесе принтер және негізгі панельарасында қате туындаған</p>	<p>Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз</p>
<p>The screenshot shows a printer status window with a green signal icon and the time 10:03. It says "2 Active mode" in blue and "Printer Busy" in red. A blue refresh button is at the bottom left.</p>	<p>Принтер бос емес</p>	<p>Баспадан шығаруды келесі баспа аяқталған соң бастаңыз</p>
<p>The screenshot shows a printer status window with a green signal icon and the time 10:03. It says "2 Active mode" in blue and "Printer Over heated" in red. A blue refresh button is at the bottom left.</p>	<p>Принтер температурасы тым жоғары</p>	<p>Бірнеше минут бойы шығармаңыз, принтер салқындап үлгерсін</p>
<p>The screenshot shows a printer status window with a green signal icon and the time 10:03. It says "2 Active mode" in blue and "No Paper" in red. A blue refresh button is at the bottom left.</p>	<p>Принтерде қағаз жоқ</p>	<p>Қағаз салыңыз</p>

12. Техникалық сипаттама

<p>Құрал: Өлшеу режимі</p> <p>Сенсор типі Енгізу әдісі Енгізілген ақрқпарат Баспа</p>	<p>Белсенді режим және сканерлеу режимі Электрохимиялық тор негізінде, тек этанол Сенсорлық экран және 9 бастырма Авто номері, полицей номері, лицензия номері Құрал және принтер, 2де 1</p>
<p>Белсенді режим: Өлшеу диапазоны:</p> <p>Ақаулар: Диапазон 0-ден 100 (мг/100 мл) Диапазон 0-ден 200 (мг/100 мл) Диапазон 200 артық (мг/00 мл) Тестілеуден кейін қосылуға дайын Нольге түсіру уақыты: Алдыңғы өлшеулер: 0 мг/100 мл Алдыңғы өлшеулер <100 мг/100 мл Алдыңғы өлшеулер >100 мг/100 мл Минималды жұтылатын көлем: Мундштук</p>	<p>0-ден 550 (мг/100 мл) (қанның құрамындағы этанол</p> <p>± 15 мг/100 мл ± 21% ± 34 % Шамамен 5 секунд</p> <p>Шамамен 3 секунд Шамамен 5 секунд <7 секунд 1,0 л 2,5 секунд ішінде Бір реттік қолдану</p>
<p>Сканерлеу режимі: Өлшеу режимі:</p> <p>Сезімталдығы: Өлшеу уақыты (тұтынушымен реттеледі) Мин. Макс. Стандартты: Нольге әкелу уақыты: Алдыңғы өлшеулер: 0 мг/100 мл Алдыңғы өлшеулер >40 мг/100 мл Белгілер</p> <p>Қоршағана орта жағдайлары: Жұмыс температурасы: Сақтау температурасы: Қысым: Салыстырмалы тығыздық:</p>	<p>0-ден 100 (мг/100 мл) (қанның құрамындағы этанол) 15 см көп</p> <p>1 секунд 15 секунд 8 секунд</p> <p>Шамамен 0 секунд Шамамен 7 секунд Қызыл, сары, жасыл индикатор LED, белгі шектері реттеле алады</p> <p>минус 5 °C-55 °C минус 20 °C-70 °C 600 гПа-1400 гПа 15 % -95 % дейін</p>
<p>Акумулятор: Жұмыс мерзімі: Құралдың интерфейсі: Өлшемдері (Д x Ш x В) Салмағы:</p>	<p>7,4 В, 2000мА/сағ литий аккумуляторы 1000 тестіден кем емес USB, мәліметтер принтерге немесе ДК 252 мм x 63 мм x 36 мм 385 г. аккумуляторды қоса есептегенде</p>
<p>Басқалар: Өлшеу бірліктері: Жұмыс:</p>	<p>Мг/100 мл, %, мг/л Мәзір</p>
<p>Жұмыс: Бастырмалар : Қуат көзін үнемдеу Дисплей:</p>	<p>Мәзір 3 бастырма 2,5 минут әрекетсіздіктен соң автоматты түрде қосылады 2,8 дюйм 400x240 түс TFT дисплей</p>

Мәліметтерді сақтау: Бағдарламалық қамтамасыз ету:	30 000 өлшенген мәнге дейін ДК үшін берілген мәндердіталдау үшін және сақтау үшін баламалы бағдарламалық қамтамасыз ету
Калибрлеу:	Әрбір алты ай
Принтер: Баспа әдісі: Қағаз ені Басылатын ақпараттың ені Нүктелер Қағаз өлшемі	Термопринтер 57,5 мм 48 мм 8 нүкте/мм 384 нүкте

13. Тасымалдау жиынтығы

1. Этанол буының анализаторы - 1 дана
2. Қуаттау құралы - 1 дана;
3. USB сым- 1 дана;
4. Мундштук - 3 дана;
5. Аккумулятор - 1 дана (анализатор ішінде)
6. Пайдалану бойынша нұқсаулық 1 дана

Өндіруші кәсіпорын: Компания Justec Shen Zhen CO., Ltd, Гонгконг.

Жеткізуші: «Медицинские газовые системы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 050040, Алматы қаласы Коктем-2 микроауданы, 11А, 3 кеңсе Тел: 8(727) 387-20-31, 8(727)262-20-83. www.alcotester.kz

Кепілдік шарттары Кепілдік қағазында және оған қосымша берілген шарттарда белгіленген. Қазақстандағы қызмет көрсету орталығы: «Agilent Service» ЖШС, Веб-сайт: <http://www.alcotester.kz> ; e-mail: info@alcotester.kz